

**Қазақстан Республикасы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы**

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 554 бұйрығы**

*(2020.21.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)*

*ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.18.07. № 456 бұйрығымен (бұр.ред.қара); 2019.13.08. № 362 бұйрығымен (бұр.ред.қара) тақырыбы жаңа редакцияда*

*ҚР Білім және ғылым министрінің 2019.13.08. № 362 бұйрығымен кіріспе жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 25-1) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдерінің қызметін басқару мен үйлестіруді жүзеге асыру үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

*ҚР Білім және ғылым министрінің 2019.13.08. № 362 бұйрығымен 1-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (Ж.Қ.Шаймарданов):

1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі М.Қ.Орынхановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Министр**

**Б. Жұмағұлов**

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау министрі

С. Қайырбекова

30 желтоқсан 2011 ж.

*ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.18.07. № 456 бұйрығымен (бұр.ред.қара); 2019.13.08. № 362 бұйрығымен (бұр.ред.қара); 2020.21.09. № 405 бұйрығымен (бұр.ред.қара) қағида жаңа редакцияда*

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2011 жылғы 30 желтоқсандағы  
№ 554 бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан**

## **кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру қағидалары «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының [5-бабының 25-1\) тармақшасына](#) сәйкес әзірленген және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі - ЖЖОКБҰ) дайындық бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

### **2-тарау. Қазақстан Республикасы ЖЖОКБҰ-ның дайындық бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру тәртібі**

2. ЖЖОКБҰ-ның дайындық бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру тәртібі ЖЖОКБҰ-ның дайындық бөлімдерінің тыңдаушыларын қабылдауды және оқытуды қамтиды.

3. ЖЖОКБҰ-ның дайындық бөлімдеріне ақылы негізде оқуға қабылдауды ЖЖОКБҰ-лар дербес жүзеге асырады.

4. Оқуға түсушіге, егер олар Заңның [8-бабының 2-тармағына](#) сәйкес алғаш рет оқуды жүзеге асырса, мемлекеттік білім беру тапсырысында тегін оқу мүмкіндігі беріледі.

5. ЖЖОКБҰ дайындық бөлімінде мемлекеттік білім беру бойынша оқу үшін Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктерді, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарды және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдарды қабылдау ЖЖОКБҰ конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

6. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі - Орталық) интернет-ресурсында электрондық нысанда жүзеге асырылады. Құжаттарды электрондық нұсқада беру мүмкіндігі болмаған кезде, қабылдау қағаз түрінде жүзеге асырылады.

7. ЖЖОКБҰ-ның дайындық бөлімдеріне түсу үшін Қазақстан Республикасының азаматтары Орталық арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) электрондық немесе қағаз түрінде қабылдау туралы еркін нысандағы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі немесе қағаз нұсқасы;

3) жалпы орта (жалпы орта), кәсіптік бастауыш (техникалық және кәсіптік), кәсіптік орта (орта білімнен кейінгі) білім туралы құжаттың және оған қосымшаның электрондық көшірмесі немесе қағаз нұсқасы;

4) «Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің [7-бабының 31\) тармақшасына](#) сәйкес бекітілген нысан бойынша медициналық анықтама.

8. ЖЖОКБҰ-ның дайындық бөлімдеріне түсу үшін шетелдіктер, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдар Орталық арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) электрондық немесе қағаз түрінде қабылдау туралы еркін нысандағы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі немесе қағаз нұсқасы;

3) білім туралы құжаттың және оған қосымшаның электрондық көшірмесі немесе қағаз нұсқасы және мөрдiң аудармасын қоса алғанда, нотариат куәландырған сканерленген аудармасы (егер құжат толығымен шет тiлiнде болған жағдайда);

4) «Қазақстан Республикасының Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесi туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шiлдедегi Кодексiнiң [7-бабының 31\) тармақшасына](#) сәйкес бекiтiлген нысан бойынша медициналық анықтама.

9. Тұлғалар оқуға қабылдағаннан кейiн, Қазақстан Республикасы Бiлiм және ғылым министрiнiң 2008 жылғы 10 қаңтардағы № 8 бұйрығымен (Нормативтiк құқықтық актiлердi мемлекеттiк тiркеу тiзiлiмiнде № 5135 болып тiркелген) бекiтiлген Бiлiм туралы құжаттарды тану және нострификациялау [қағидаларына](#) сәйкес шетелдiк бiлiм беру ұйымдары берген бiлiм туралы құжаттар нострификация рәсiмiнен өтедi.

10. Конкурсқа қатысу үшiн өтiнiштердi қабылдау Орталық арқылы күнтiзбелiк жылдың 5 тамызы мен 5 қыркүйегi аралығында жүргiзiледi.

11. Ұсынылған құжаттарды Орталық осы Қағидалардың [7](#) және [8-тармақтарына](#) сәйкестiгiне құжаттар тiркелген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнi iшiнде тексередi.

Орталық ұсынылған құжаттар осы Қағидалардың 7 және 8-тармақтарына сәйкес болған жағдайда, құжаттар тiркелген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнi iшiнде құжаттар тапсыруды тiркеу кезiнде көрсетiлген электрондық поштаға хабарлама жолдайды. Осы Қағидалардың 7 және 8-тармақтарында көрсетiлген ұсынылған құжаттар сәйкес келмеген жағдайда түсушiге құжаттарды тiркеуден бас тарту туралы хабарлама жiберiледi. Бұл ретте, үмiткерге оқуға түсу үшiн құжаттарды тiркеуден бас тарту туралы хабарламаны алғаннан бастап 3 (үш) жұмыс күнi iшiнде конкурсқа қатысу үшiн қайта тiркеуден өту мүмкiндiгi берiледi.

12. Конкурстық iрiктеудi өткiзу үшiн ЖОО оқытушылары қатарынан қабылдау комиссиясы құрылады және Комиссия мүшелерiнiң құрамынан комиссия төрағасы сайланады. Комиссия мүшелерiнiң саны оның төрағасын қоса алғанда тақ болып табылады. Конкурстық iрiктеудi қабылдау комиссиясы күнтiзбелiк жылдың 10-15 қыркүйегi аралығында өткiзедi.

13. Конкурстық iрiктеудi жүргiзу тәртiбiн ЖЖОКБҰ әзiрлейдi және бекiтедi. Конкурстық iрiктеудi өткiзу кестесiн, өткiзу күнiн, уақыты мен орнын қабылдау комиссиясының төрағасы бекiтедi және оқуға түсушiлердiң назарына құжаттарды қабылдау басталғанға дейiн жеткiзiледi. Тыңдаушылар өздерi таңдаған ЖЖОКБҰ-да конкурстық iрiктеуден өтедi.

14. ЖЖОКБҰ өткiзетiн конкурстық iрiктеуден өту кезiнде тыңдаушы оның жеке басын куәландыратын құжатты және құжаттың тiркелгенi туралы хабарламаны ұсынады.

15. Конкурстық iрiктеудi өткiзу қорытындылары еркiн нысанда Комиссия хаттамасымен ресiмделедi және оған комиссия төрағасы мен барлық қатысып отырған Комиссия мүшелерi қол қояды.

Қабылдау комиссиясының хаттамасы негiзiнде мемлекеттiк бiлiм беру тапсырысы бойынша ЖЖОКБҰ-ның дайындық бөлiмдерiне тыңдаушыларды қабылдау туралы шешiм шығарылады және күнтiзбелiк жылдың 25 қыркүйегiне дейiнгi мерзiмде конкурстық iрiктеуден өткен Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдiктердiң, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдардың және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдардың назарына жеткiзiледi.

ЖЖОКБҰ меншiк нысанына қарамастан конкурстық iрiктеу аяқталған күнi оның нәтижелерiн Қазақстан Республикасы Бiлiм және ғылым министрлiгiне бередi.

16. Дайындық бөлiмдерiнiң тыңдаушылары қатарына қабылдауды ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиялары күнтiзбелiк жылдың 25-28 қыркүйегi аралығында өткiзедi.

17. ЖЖОКБҰ-лар тыңдаушыларды оқуға қабылдаған күннен бастап он жұмыс күнi iшiнде дайындық бөлiмдерiне қабылдау туралы бұйрықтардың көшiрмелерiн Қазақстан Республикасы Бiлiм және ғылым министрлiгiне ұсынады.

18. Дайындық бөлімдерінде оқыту күндізгі және қашықтықтан оқыту нысанында жүзеге асырылады. Сабақтар күнтізбелік жылдың 1 қазанынан басталады. Оқу мерзімі - 9 ай.

19. Дайындық бөлімдерінің тыңдаушылары үшін қашықтықтан оқыту:

1) дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы болған жағдайда;

2) растайтын құжаттарды ұсына отырып, бала туылған кезде, бала үш жасқа толғанға дейін оны асырап алу;

3) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын, оқу жылы ішінде тұрғылықты жері бойынша кеткен және шекараның жабылуы, карантин жариялануы себебінен және оларға байланысты емес өзге де мән-жайлар бойынша қайтып оралуға мүмкіндігі жоқ ұлты қазақ адамдар үшін ұсынылады.

20. Оқуды аяқтағаннан кейін тыңдаушыларға оқуды аяқтағаны туралы анықтама (еркін нысандағы) беріледі.

21. Дайындық бөлімдерінің тыңдаушыларын ЖЖОКБҰ-дан оқудан шығаруға:

1) тыңдаушының өз еркімен оқудан шығу туралы өтініші;

2) ЖЖОКБҰ-ның ішкі тәртібін бұзуы негіз болып табылады.

Тыңдаушыны ЖЖОКБҰ-дан шығару ЖЖОКБҰ басшысының бұйрығымен ресімделеді, оның көшірмесі оқудан шыққан күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жіберіледі.

22. ЖЖОКБҰ-лар жыл сайын күнтізбелік жылдың 15 шілдесінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне дайындық бөлімдерінің өткен кезеңдегі жұмысы туралы қорытынды есеп береді.

23. ЖЖОКБҰ-лар дайындық бөлімдері тыңдаушыларының статистикалық және паспорттық есебін жүргізеді.

